

# **ЖШС «Нұр-Бебек» мектепке дейінгі шағын орталығының**

## **әдістемелік кеңес отырысы**

### **Хаттама №1**

Уақыты: 29 тамыз 2023 жыл

Жүргізу түрі: Дөңгелек үстел

Әдістемелік кеңес төрайымы: Г.Бейсеева

Хатшы: Б.Сейткәрім.

Катысқаны: 10

### **Күн тәртібінде:**

1. Педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары:  
- перспективалық жоспарын талқылау;
2. МДҰ мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндettі стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары
3. Ағымдағы мәселелер.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша орталық әдіскері Г.Бейсеева педагогикалық үдерісті жаңа оқу жылына дайындау, педагогтардың құжаттарды талапқа сай толтырулары және циклограмма мен перспективалық жоспарды талқылау және бекіту жайлы айтып өтті.

Жаңа 2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқаулық хат негізінде орталықта топ балаларының жас ерекшеліктерін, балабақшаның тақырыптық бағытын ескере отырып, шығармашылық құзыреттілік танытуға бағытталуы қажет. Педагог-мамандар перспективалық жоспарды нұсқаулыққа сәйкес құрайды, нақты жас тобының перспективалық жоспарында педагог-маманның жоспарына сілтеме жасалынады.

Білім беру салаларының мазмұнын кіріктіруді балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес Үлгілік бағдарлама мазмұнын игерудің сабактастығы мен жүйелілігін қамтамасыз ете отырып тәрбиешілер Үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес міндettter жеке-жеке көрсетіліп, ортақ бір перспективалық жоспар жасалады..

Перспективалық жоспарға сәйкес балаларды қабылдау, ұйымдастырылған іс-әрекеті, серуен, балалардың үйге қайтуы, т.б. күн тәртібіндегі процестердің орындалуын қамтитын және перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндettterіне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтай отырып, бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабактастық қағидасын сақтай отырып балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану, балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы дамытушы

заттық-кеңістік орта құруға сәйкес бір аптаға арналған циклограмма құрастырылатындығына тоқтап, түсіндірме жұмысын жүргізді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарын сақтау негізгі қағидалары жайлы әдіскер айтып өтті.

Биылғы оқу жылында тәрбиешілердің құжаттарында өзгешеліктер бар. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама) Стандарт талаптарына сәйкес:

- балалардың жас және жеке мүмкіндіктеріне сай білім, білік, дағдыларды қалыптастыруға;
- «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпыадамзаттық құндылықтарға, ұлтжандылыққа және толеранттылыққа тәрбиелеуге;
- баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны құруға;
- мектепке дейінгі білім берудің сабактастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз етуге;
- балалардың дене, зияткерлік, коммуникативтік, адамгершілік, эстетикалық дамуына бағытталған білім беру салаларын кіріктіруге;
- әртүрлі жас топтарында бағдарлама материалының мазмұнын игеруде балалардың дамуына мониторингті ұйымдастыруға;
- мектепке дейінгі ұйым мен отбасының бірлескен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге бағытталған.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын іске асыру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған білім беру бағыттарын кіріктіру арқылы қамтамасыз етіледі деп нақты атап өтті.

. Стандарт талаптары бала дамуының 3 деңгейдің болуын болжайды:

- 1-деңгей – бала сол немесе басқа қимылдарды қайталаі алады;
- 2- деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді;
- 3- деңгей – бала өзінің жасай алғаннанын қолданады деп нақты атап кетті.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша әдіскер ағымдағы мәселелерге тоқталды.

Алда жасалатын жұмыстарға тоқталып өтті.

Қыркүйек айында өтетін Тілдер мерекесіне барлық топтарда тақырыптық тәрбиелік шаралар ұйымдастырылуы қажет және ата-аналарға қосымша мәліметтер жіберіледі.

Қарттар күніне орай сурет көрмесі мен «Атадан балаға мұра» тақырыбында топтық тәрбиелік шара ұйымдастырылып өткізу жоспарланды. Бұл шараны өткізу барлық тәрбиешілерге жүктеледі.

Денсаулық күніне орай «Әкем, анам және мен» спорттық жарыс жоспары жасалынып, бекітілсін.

Қазан айында «Алтын күз» мерекесіне музыка жетекшісі мен тәрбиешілер сценарилерін дайындалап, уақытын белгілеу тапсырылады. Әрбір мерекенің тәрбиленушілерге тәрбиелік мәні зор. Сондықтан барлық іс-шараларды жоғары деңгейде дайындалап өткізу тәрбиешілердің балалармен жүргізетін жұмыстарының нәтижесін көрсететіндігіне тоқталып өтті..

**Шешім:**

1. Жаңа 2023-2024 оку жылының перспективалық жоспары тәрбиелеудің беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқаулық хат талаптарына сай толтырылсын.
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптардың сақталуы қадағалансын.

**Әдістемелік кеңес төраітімі:**

**Хатшы:**



Г.Бейсеева

Б.Сейткәрім